

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №13 «Тұлпар» балабақшасы» МКҚК
Кезектен тыс педагогикалық кеңес

ХАТТАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

Күні: 27 желтоқсан 2021 жыл.

Қатысқаны: 11 адам

Тақырыбы: Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Департементінің бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде №13 «Тұлпар» балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

Күн тәртібі:

1. 2020 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР БҒМ 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен танысу.
2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес №13 «Тұлпар» балабақшасының өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.
3. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Б.Керимбекова сөйледі. Ол өз сөзінде ақпан айында №13 «Тұлпар» балабақшасында 2021-2022 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесіне сәйкес өзін-өзі бағалауын өткізу жоспарланғаны туралы айтып өтті.

- Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

- 1) Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда аттестатталады;
- 2) Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, аттестатталмайды. Білім министрлігінің білім беру заңнамасымен бірге әдістемелік ұсынымдармен бағалау өлшемшарттарын әзірледі. («Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» 26.07.2021 жылы №366 бұйрығы және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапасы қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 10.09.2021 ж. №700 бұйрығы. Ары қарай ҚР БҒМ 2016ж.2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген өлшемшарттарымен таныстырып өтті. Осы құжаттарға сүйеніп балабақшаның өзін-өзі бағалауын дайындау керек. Сондықтан да өлшемшарттардағы талаптарды орындау мақсатында кешенді жоспар құрылып, жұмыстанр жүргізілуі қажет.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу үшін комиссия құру керек.

Әдіскер К.Р.Каюмова әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрағасына балабақшаның меңгерушісін ұсынды. Комиссия мүшелеріне, Т.В.Кашина – кәсіподақ төрайымы, жоғары санатты тәрбиеші, Ж.Ш.Жагаппарова - педагог-психолог, М.В. Колесниченко – жоғары санатты тәрбиешіні ұсынды. З.О.Достанова комиссия мүшесіне әдіскер К.Р.Каюмованы ұсынды.

Педкеңеске қатысушылар комиссия мүшелерінің құрамына бірауыздан келісті.

Әдіскер К.Р.Каюмова балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспарымен таныстырды.

Шешімі:

1.Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын.

Г.Б.Керимбекова – балабақша меңгерушісі, комиссия төрағасы;

К.Р.Каюмова – әдіскер, комиссия мүшесі;

Т.В.Кашина – кәсіподақ төрайымы, жоғары санатты тәрбиеші;

Ж.Ш.Жагаппарова - педагог-психолог;

М.В. Колесниченко – жоғары санатты тәрбиеші.

Бірауыздан келіскен қызметкерлер саны – 11 адам


«Қарсы» - жоқ

«Қалыс» - жоқ

2.Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін.

3.2022 жылдың 5 ақпанына дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.

Төраға



Г.Б.Керимбекова

Хатшы



Ж.Ш.Жагаппарова